Объем плана Алматы, как финансового центра Казахстана, разумеется, один из самых больших. Также, как и у других филиалов, перед нами стоят задачи по развитию ассортимента. В нашем арсенале есть все что нужно потребителям любого материального достатка и на любой – даже самый взыскательный вкус. AlinEX, безусловно, является «локомотивом» всего нашего многообразия брендов. От него не отстают бренд НАШИ, он активно растет за счет смещения потребительского спроса в связи со сложной финансовой ситуацией в стране. Молодой и перспективный бренд Батыр является в прямом смысле защитником наших сухих строительных смесей от «нападения» дешевых конкурентов. С брендом Alina Paint, и особенно – его новой декоративной линейкой – предстоит еще много работы, так как занимаемая им доля в категории вододисперсионных красок и декоративных отделочных материалов оставляет желать лучшего.

В целом хочу сказать по своему опыту в продажах – а я продавал самую различную продукцию – работать с продуктами ГК «Алина» приятно. Причем я сейчас говорю не о зарплатке, а с точки зрения сознания того, что мы вносим свою лепту в повышение уровня культуры строительства в Средней Азии в целом.

Мы делаем важное и полезное дело, а значит – нас ждут новые вершины!

Материал подготовила Виорика Бектурганова

Осы жолдан тайма,

Алматы!

Бірде оқушы Шеберден:

- Табысты көп күту керек пе? – деп сұрады ?
- Егер күтсең, онда көп! – деп жауап берді күлімсіреген Шебер.



Біздің Алматы қаласындағы «AlinaTrade» Дивизионындағы әріптестеріміз, кәдімгі Алиналықтардай, ұзақ күткен жоқ, жылды кәдімгі Алиналықтардай бастады! Жаңа жылдың алғашқы айында ақ филиал жоспарды орындауда құрметті табыспен көзге көрінді.

Біздің әріптестерімізге бұл қаншалықты оңайға түскенін «Alina Trade» Дивизионының Алматы қаласындағы филиал Директоры Андрей Ус әңгімелейді.

– 2015 жылдың қаңтар айында біз сатылым жоспарын 118% орындадық. Жалпы есеп бойынша барлық 18 филиалдың ішінен жоспарды орындау көрсеткіші бойынша бірінші орынға шықтық. Компанияның осы кезге дейін жұмыс істеген уақытында Алматы филиалы осындай көрсеткішке бірінші рет қол жеткізді. Мұндай жетістікке жетудің құпиясы, меніңше, өте қарапайым. Менің ойымша, ең бастысы – табысқа жететініңе сену, өйткені біздің ойларымыз материалданады ғой. Өз өмірімізде біз тек шағыммен ғана өмір сүріп, өзіңді табысқа жете алмай келе жатқанына ақталып, бірақ оны дұрыстауға тырыспайтын адамдарды жиі кездестіреміз. Олар табысқа жете ме? Меніңше, өте сирек. Әрбір қызметкердің айналысып жатқан істе табысқа жететініне сенгені аса маңызды. Біз әсем маркетингтік жүрістер немесе әдістерді ойлап таба аламыз, бірақ сауда командасы оның нәтижелі болатынына сенбейтін болса, онда біздің күшіміз босқа кетеді. Сондықтан біздің сауда командасының үлкен нәтижеге жетуге деген ұмтылысын баса айтқым келеді!

Жоғарыда айтылғандай 2015 жылғы слетте біздің басшылық қазіргі уақытта филиалда өте

мықты команда жиналды, өз ісінің шеберлерімен жұмыс істеген қандай жақсы! деп атап өткен еді. Алиналықтардың арасынан біреуін бөлектеп айтып кету әділдікке жатпайды, бірақ мен өз әріптестеріме және құрамдас бөлімшелердегі қызметкерлерге бізді қолдағаны үшін алғыс айтқым келеді. Біз алда үлкен жұмыс күтіп тұрғанын жақсы білеміз. Және оны біз бірге атқаруымыз керек, өйткені біз бір мақсатқа қадам басып келеміз. Егер Компанияның барлық механизмі мүлтіксіз жұмыс істесе, онда біз күткен нәтижеге міндетті түрде жетеміз!

Жоспарды орындау- жауапты міндет және ол қарапайым іс емес. Жалпы сатылым жоспары 3 көрсеткіштен құралады:

1. Сатылым тарихы
2. Нарықтағы ағымдық жағдай
3. Компанияны дамыту бойынша мақсаттар.

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, қаржылық мақсат құралады, ол брендтерге, содан кейін – өнімдерге де қатысты болады.

Қазақстанның қаржы орталығы есебінде Алматы жоспарының көлемі ауқымды. Басқа филиалдардағыдай бізге де сұрыпталымды көбейту міндеті тұр.

Біздің арсеналда кез келген материалдық жағдайдағы тұтынушыға қажетті, тіпті ең кірпияз дегеннің өзіне ұнамды өнім түрі бар. AlinEX, сөзсіз, біздің алуантүрлі брендтіміздің «локомотиві» саналады. Одан НАШИ бренді де кейін қалып

жатқан жоқ, ол еліміздегі қаржылық қиындықтарға байланысты тұтынушы сұранысының жылжуы есебінен белсенді дамып келеді. Жас, әрі болашағы зор Батыр бренді біздің құрғақ құрылыс қоспаларын арзан бәсекелестердің «шабуылынан» тура мағынасында айтқанда қорғайды.

AlinaPaint брендімен, әсіресе – оның жаңа сәндік желісімен – алда үлкен жұмыс атқарылады, өйткені олардың судисперсионды бояулар мен сәндік әрлеу материалдары категориясындағы үлесі әлі де көңіл көншітпейді.

Жалпы айтқанда өзімнің сатылым бойынша тәжірибемнен білетінім – мен көптеген өнімдерді сатумен айналыстым – «Алина» КТ өнімін сату ғанибет. Бұл жерде мен табыс туралы айтып жатқан жоқпын, тұтас Орта Азиядағы құрылыс мәдениетін көтеруге қосып жатқан біздің үлесімізді айтып отырмын.

Біз маңызды және пайдалы іспен айналысып жатырмыз, сондықтан бізді жаңа асулар күтіп тұр! ■

Кеңестерді басқарудың КОРПОРАТИВТІ СТАНДАРТЫ: КЕҢЕСТЕРДЕГІ ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ЕРЕЖЕЛЕРІ

КОРПОРАТИВНЫЙ СТАНДАРТ управления совещаниями: ПРАВИЛА ГРУППОВОЙ РАБОТЫ НА СОВЕЩАНИЯХ

Кеңестің әр қатысушысы
Топтық жұмыстың
принциптерін сақтауы
керек және осы
стандартта баяндалған
Қатысушылардың
жүріс-тұрыс ережелерін
орындауы тиіс.



Каждый участник
Совещания обязан
следовать Принципам
групповой работы и
выполнять Правила
поведения участников,
изложенные в данном
стандарте.

УАҚЫТЫЛЫ БОЛ!

Кеңеске кешігу – топты
құрметтемеу

БУДЬ ВОВРЕМЯ!

Опоздание на совещание –
неуважение к своим коллегам





ТЕМЕКІ ТАРТПА!

Кеңес залында темекі тартуға тыйым салынған. Үзіліс кезінде арнайы бөлінген орындарда ғана темекі тартуға болады

НЕ КУРИТЬ!

Курение в зале Совещания запрещено. Курить можно в перерывах в специально отведённых местах

ШИЕЛІНІСПЕ!

Кеңес залында және одан тыс шиеленісті полемикаға кірісуге тыйым салынады

НЕ КОНФЛИКТҮЙ!

Запрещается вступать в конфликтную полемику как в зале совещания, так и вне его

ТЕК МАҢЫЗДЫ ІС!

Жеке қасиеттер немесе ниеттер емес, келелі мәселелер талқыланады

ТОЛЬКО ДЕЛО!

Обсуждаются проблемы, а не личные качества или намерения

КЕДЕРГІ ЖАСАМА

Ұялы телефондар - «дыбыссыз» немесе «діріл» режимінде

НЕ МЕШАЙ!

Сотовые телефоны – в режиме «без звука» или на «вибраторе»

ҰҒЫМ!

Бұзушылықтар «түсінікті көрсету» көрінісімен орны толтырылады, оның түрі жеке түсініледі

ПОНИМАНИЕ!

Нарушения компенсируются «проявлением понимания», форма которого определяется индивидуально



ТӨРЕШІМЕН ДАУЛАСПАЙДЫ!

Кеңестерде бес немесе одан астам адам болса сөз сөйлеуді беру құқығы жүргізушіде болады

С АРБИТРОМ НЕ СПОРЯТ!

На совещаниях с количеством участников пять человек и более, право передачи слова принадлежит ведущему

БЕЛСЕНДІ БОЛ!

Әр қатысушы кеңеске белсенді қатысуы керек

БУДЬ АКТИВЕН!

Каждый участник должен принимать активное участие в совещании



АРТЫҢНАН ЖИНА!

Қатысушылар кеңес орындарында тазалықты сақтайды және аяқталғаннан кейін барлығын ретке келтіреді

УБЕРИ ЗА СОБОЙ!

Участники соблюдают чистоту в местах совещаний и по окончании приводят всё в порядок

АҚПАРАТ ӘР ҚАЙСЫСЫ ҮШІН ИГІЛІК БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ!

Кеңестен тыс айтылған пікірлер Кеңестің барлық қатысушыларының назарына жеткізілуі керек

ИНФОРМАЦИЯ ЯВЛЯЕТСЯ ДОСТОЯНИЕМ КАЖДОГО!

Идеи, высказанные вне Совещания, должны быть доведены до сведения всех участников Совещания



СӨЗІН БӨЛМЕ!

Кеңестің қатысушылары кезекпен сөйлейді, бір біріне сөз береді

НЕ ПЕРЕБИВАЙ!

Участники совещания говорят по очереди, не перебивая друг друга

СЫНДАРЛЫ БОЛ!

Айтылған позиция ұсыныспен аяқталуы керек

БУДЬ КОНСТРУКТИВЕН!

Высказанная позиция должна заканчиваться предложением



ЕҢ БАСТЫСЫ ШЕШІМ!

Шешімді барлық қатысушы қабылдауы керек, барлық қатысушылар міндетті түрде орындауы тиіс, және кеңестің шеңберінен тыс кеңес қатысушысы өзінің келіспеушілігін көрсетпеу керек (талқыға салмауы керек), егер мұндай жағдай орын алса “ерекше пікірді” белгілеу керек

РЕШЕНИЕ ПРЕЖДЕ ВСЕГО!

Решение должно быть принято всеми участниками, обязательно для исполнения всеми участниками, и вне рамок совещания участник совещания не должен демонстрировать (обсуждать) свое несогласие, в случае наличия такового необходимо фиксировать «особое мнение»

ФАКТІЛЕР ҒАНА МАҢЫЗДЫ!

Егер топ сенің позицияңды қараса және сенде өзіңнің көзқарасыңды дәлелдеуге қосымша айғақтарың болмаса оны алып таста

ВАЖНЫ ТОЛЬКО ФАКТЫ!

Если группа уже рассмотрела твою позицию и у тебя нет дополнительных аргументов, чтобы отстоять свою точку зрения, сними её





Alina market

ЖҮЛДЫЗДАРДЫ ЖАҒАДЫ!

2014 жылдың қорытындысы бойынша Alinamarket үй мен бақшаны сәндеуге арналған еден жамылғысы мен материалдары орталығы кеңесшілерінің Үздіктерінің ең Үздігі болып жыл нәтижесі бойынша жоспарды орындауда өте жоғары көрсеткішке жеткен Шакир Гапаров танылды.

Шакир 2014 жылдың II тоқсанының қорытындысы бойынша Alinamarket кеңесшілерінің Үздігі аталымына ұсынылған болатын, ол сол кезде сәуір мен мамыр айының жоспарын 40% артығымен орындады.

Жыл қорытындысы бойынша біздің әріптесіміз «2014 жылдың Үздік Кеңесшісі» атанған болатын. Марапаттау салтанатты жиналыста болып, онда Шакир өз әріптестерінің қошаметімен Бас Директор Татьяна Медведеваның қолынан Грамота мен «Технодом» сыйлық сертификатын алған болатын

Әріптестері де тыс қалмай Шакирді құттықтады
Әлішер Ұшыров, 2 дәрежелі кеңесші:

–Сен үшін қуаныштымын. Сен бұл марапатты өз еңбегіңмен алдың, ал біз енді кімнен үлгі алатынымызды білеміз! Сен тек жақсы кәсіби маман ғана емес, тамаша адамсың!

Павел Васильев, 2 дәрежелі кеңесші:

–Шакир сияқты адамдармен біздің Компания берік бола түседі! Шакир өзіне танытылған ықыласқа риза болды:



–Мен өз өмірімде орын алған осындай жағдайға дән ризамын. Мен бұл мақсатқа жету жолына ұмтылдым, міне енді оны іс жүзінде жүзеге асырдым. Alinamarket ұжымына қолдау көрсеткені және көмектескені үшін үлкен алғысымды білдіргім келеді. Бұл менің соңғы жұлдем емес деп үміттенемін. Дәл осындай ұжымдасқан, көңілді және тамаша ұжымда жұмыс істегеніме қуаныштымын!



Alinamarket үй мен бақшаны сәндеуге арналған еден жамылғысы мен материалдары орталығының ұжымы «Alina» Компаниясының барлық Тобы шын жүректен Шакирге кәсіби табыстар, денсаулық тілейді және оның барлық армандары орындалсын! ■

Материалды дайындаған Alinamarket қызметкерлерді басқару бойынша Жетекші маманы Александра Волкова,

ЖАРНАМА-АНА

» немесе «

КҮТПЕЙ, ІС ЖАСАУ!



Бір күні бір кішкентай парақша өмір сүріпті. Оны жаңа өнімі жайлы адамдарға айтуға көмектесуі үшін бренд Директоры күтіпті. Оны жылдамдатып тиражға қабылдау үшін және үлестіре отырып тарату үшін жарнама қоймасының қызметкері күтіпті. Оны пойыздың жүк вагонына салу үшін жүк тиеушісі күтіпті. Оны Филиалға апарып тастау үшін осы пойыздың машинисі күтіпті. Оны Филиалдың кеңсесінде күтіпті. Осы өнімді сата алатын Клиенттерге жазылған ақпаратты айту үшін сауда өкілі күтіпті. Оны жаңа өнім жайлы оқып, сату кезінде ол туралы дұрыс пікір айту үшін Клиенттер күтіпті. .

Бірақ ол келмеді. Және адамдар жаңа өнім туралы білмей қалды.

Біреу уақытылы үлестірмегендіктен ол келмей қалды. Ол келмеді, себебі оны вагонға уақытылы жүктеп, жіберуге үлгермеген. Ол келмеді, себебі оны біреу алып - Филиалдың қоймасында тастап кетті. Ол келмеді, себебі клиентке біреу онымен не істеу керектігін және оның ішінде жазылған ақпарат оған сатуға көмектесетіні жайлы түсіндірмеген.

Парақша қоймадағы бір сөреге жатты да, бұрыштарын жазып, күңгірттеніп кетті... одан соң оны шығынға жазып, ешкімге қажеті болмай қалған тізбелер, парақтар, лифлеттер, кітапшалар сияқты өртеп жіберді.

Ал айдың соңында Компания Топтары осы бренд бойынша сатылым жоспарының орындалмауы туралы хат алды.



Бұрын солай болған. Қазір уақыт өзгеріп жатыр. Өзің үшін өзгере бастау керек. Қол жеткізілмеген мақсаттар мен сатылым жоспарының орындалмауы, Компанияның негізсіз шығындары түрінде теріс салдарды тудырмауы үшін өз әрекеттеріңізге қарым-қатынасты түзету керек, бұған бірге қадам басамыз.

Медиа-өнімін шығару
және тарату бөлімінің басшысы

АНАСТАСИЯ КОРШУНОВАНЫҢ ӨМІР ҚАҒИДАЛАРЫ



ҚР-153 ПРОЦЕДУРАСЫ «ЖАРНАМА ӨНІМІН БАСҚАРУ» – кез келген қызметкерге жылдам және жарнама өнімінің кез келген түрін кедергісіз тапсырыс беруге көмектеседі.

ӨНДІРІСКЕ ДҰРЫС ТОЛТЫРЫЛҒАН ЕРЕКШЕЛІК - бұл жұмыстың жартысы. Егер сіздің не шығаратыныңызды менеджер түсінбесе, онда сіз де не өндіргелі жатқаныңызды өзіңіз де түсінбейтініңіз анық.

БІР-БІРІҢІЗДІҢ ЖҰМЫСЫҢЫЗҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТ – бұл кез келген бизнес-процестің негізі.

ДҰРМЕК ПЕН ӨРТ СӨНДІРУ РЕЖИМІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕМЕУ ҮШІН – жұмыс жоспарлы құрылуы керек, жүйеленуі және реттелуі керек.

ПАРАҚШАЛАР, КАТАЛОГТАР, БАННЕРЛЕР НЕМЕСЕ ЖАРНАМА ӨНІМІНІҢ КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІНЕ ТАПСЫРЫС БЕРУ сізді тапсырыс беруші ретінде Түпкілікті, Тұтынушы, Пайдаланушы немесе Клиентке дейін ақпаратты жеткізу үшін дәл осы мөлшері оңтайлы екендігіне есеп беруге міндеттейді.

КЕЗ КЕЛГЕН, ТІПТІ ЕҢ КҮРДЕЛІ ЖАҒДАЙДЫҢ ӨЗІНДЕ ШЕШІМ БОЛАДЫ. Тек отырып, күтпеу керек, шешімді іздеу керек және тынбай жұмыс істеу керек.

Мақаланы Майя Леонова әзірледі

Alina Paint

Үздіктер қатарынан көрінетін уақыт келді

13 жыл. Әлемдік бренд үшін аз уақыт. Құрылыс-әрлеу материалдарының Қазақстандық бренді үшін - сенім тудыратын жас. 18 ақпанда Alina Paint брендіне 13 жыл толды. Қазіргі уақытта бізде: брендтің кейіпті образын танитындай безендірілген лакбояу өнімдері мен сәндік беттің 33 өнімнің түрлі категориясы, сынамалар мен жеңістердің тарихы, болашаққа жоспарлар мен оған жетуге деген барлық мүмкіндіктер бар.

«Город мастеров» (ГМ) редакциясы Alina Paint Бренді Директорының міндетін атқарушы Анна Шевцовамен әңгімелескен еді.

ГОРОД МАСТЕРОВ: Анна, Alina Paint өнімдік желісі өткен жылы тек жаңа өнімдермен кеңейген жоқ, сонымен қатар жаңа категория- сәндік бояу мен сылақтармен толықты. Alina Paint өнімдері бренд пен сатып алушыларға не берді?

АННА ШЕВЦОВА: Сәндік сылақ пен бояулар бағыты – бұл ең алдымен сатып алушы қалайтын және кепілдендірілгенді алатын сәндік бетті «сату» деген сөз. Қарапайымнан бастап таңдаулы 16 бетке дейін – бұл үздік бастама. Біздің ірі дүкендер мен дизайнерлік студиялармен жұмыс істеуде үлкен тәжірибеміз бар, алайда біз енді бұл өнімдердің тиімді сатылу көкжиегін кеңейтудің жолы кез келген сауда нүктелерінде жұмыс істеу деп шештік. Өткен жылы біз банкарлардың дизайнын жасап, ол бренд өнімін рәсімдеудің жалпы стиліне бірден үйлесіп кетті.

ГОРОД МАСТЕРОВ: Анна, сенің айтуыңша, сәндік бояулар мен сылақтар бейнелеу жолымен сатылады. Alina Paint беттері, мы-

салы, жарнама материалдарында қалай гүлденеді?

АННА ШЕВЦОВА: Бәрі де қарапайым, қазіргі баспа технологиялары ғажайыптарға толы. Бұлар бейнелеу каталогтары, мобильді шағын-стендтер, немесе сәндік бояулар мен сылақтардың табиқалары көрсетілген ыңғайлы папка, сондай-ақ қасбеттік, интерьерлік және т.б. нұсқалары болуы мүмкін. Дамудың жаңа концептісінің негізіне бейнелеу идеясы жатады, оны қолмен ұстап көруге және фактурасының байлығын сезінуге болады.

ГОРОД МАСТЕРОВ: Ал иіскеуге бола ма?

АННА ШЕВЦОВА: Иіскеуге болмайды! Бұл Alina Paint барлық өнімі суға негізделген ғажайыптар болғандықтан ғана емес. Балалық шақтан біздің есімізде қалған алкидті және майлы заттарды қолдану тәжірибесінен әлем алыстап кеткелі қашан.

Alina Paintтың суға негізделген өнімі сізді сырлаудың (немесе сылақтың) химиялық өткір иісінен құтқарып қана қоймайды, сонымен қатар денсаулыққа да зиянын тигізбейді. ҚР аллергология Орталығы мақұлдаған балаларға да, ересектерге де абсолютті

қауіпсіз саналады. Айтпақшы, бояуды таңдаудың жақсы тәсілі иіскеу. Иісі бар = алкидті негіз = денсаулыққа зиян. Alina Paint өнімі іс жүзінде «жанды су», ол сырт бетпен ғажайыптар жасайды. Иісі шықпайтын, қауіпсіз, тез кебетін бояуды сатып алуға болады, мұндайда жылтырату үшін соңғы кездері әйгілі бола бастаған алкидті бояу немесе күңгірт жабынды таңдап алынады. Мұндайда Emalika мен Evrika тандемі – көрсеткішке ие. Жарнамада айтқандай-егер сіздерге қонақ келетін болса, ал сіздің батареяңыз сіздің интерьеріңізді бұзып тұрған болса, онда сіз оны сырлауға үлгересіз және сіздің қонақтарыңыз иісті сезбей де қалады.

ГОРОД МАСТЕРОВ: Бәрі дәріханадағыдай таза бола ма?

АННА ШЕВЦОВА: Иә солай. Біз сонымен қатар өнімнің – салыстырмалы сапасына қосымша бақылауға көшеміз. Біздің барлық өнімнің рецептурасы тоқсан сайын тестіден өтетін болады, бірақ біздің үшдеңгейлік терсеріміздің стандарттық кілті ғана емес, сонымен бірге КТП (клиенттер/тұтынушылар/пайдаланушылар) да есепке алынады. Тесттер зертханалық үлгіде, сауда командасында, «қара жәшік» форматында өтетін болады. Бұл бізге өз өніміміз туралы күн ілгері кесіп-пішілмеген пікірлер алмауға және біздің сатып алушыларымызға кепілдік беруге ықпал етеді, бір күні Alina Paint брендімен достасқан олар оны болашақта қолданып қана қоймай, өзінің достарына да ұсынатын болады.

ГОРОД МАСТЕРОВ: Бұл брендтің арманы ма?

АННА ШЕВЦОВА: Иә, бұл біздің әрбіріміздің міндетіміз. ■

ЕРҒАЗЫ САСАЕВ:



ӨНДІРІСТЕ МАУСЫМАРАЛЫҚ ДЕМАЛЫС ДЕГЕН ЖОҚ

**31.01.2015 жылы
Ақтөбе қаласында
жартылай автоматты
завод филиалы
іске қосылды.
Жоспарланған
мерзімнен біршама
кешеуілдеу болды,
дегенмен соңғы
нәтиже көңілден
шығады.**

Біз ҚҚҚ өндірісі бойынша шағын желілердің жұмысына есеп жүргізуде үлкен қиындықтарға тап болдық. Мұның біз шығаратын өнімнің сапасына әсер етуі мүмкін еді. Қазір бәрі қалыпты, рецептураға сәйкес барлық компоненттер таразы-мөлшерлеуіш автоматты бағдарламасы арқылы автоматты түрде іске қосылады, бұл дайын өнім сапасының тұрақтылығын қатаң сақтауға ықпал етеді. Өндірістің автоматизациясы – бұл өндіріс деңгейінің жаңа сапаға шығуына жол ашады.

**15.01.15 жылы
Ақтөбе қаласындағы
филиалының
лакболя өнімдері
кәсіпорнын
АГЗ базасынан
41-разъезд базасына
көшіру аяқталып,
кәсіпорын іске
қосылды.**

Тасымалдану қысқа уақытта жүзеге асты, оған бізде бір ай ғана уақыт болды. Қыс мезгіліндегі ауа райының қиындықтарына қарамастан, және өндірістің кей қиындықтары коммуникацияны іске қосумен қатар шешілді (су, жылу, зертханалық жайдың құрылысы, пайдаланылған суға арналған тұндырғыш), жоба өндірісшілермен мерзімінде аяқталды.

**2015 жылдың
қаңтарынан бастап
«AlinaTrade»
Дивизионының
Алматы филиалында
ЖЖМ (жанар-
жағармай) GPS
жүйесінің пилоттық
жобасы іске
қосылды.**

Тест ақпан және наурыз бойы жүргізіледі. GPS жүйесінің түзетілгені мақұлданған жағдайда (олар қазір де мақұлдандуда), аталған жүйе «Alina» КТ автокөліктерінің барлық түрлеріне енгізілетін болады. Жүйе барлық көліктердегі ЖЖМ шығынын бақылайтын болады, көліктің жағармай құйған орнын аталған учаскеде ЖҚБ бар-жоғын қаланың картасымен салыстыра отырып белгілейді. Сондай-ақ көлік құралдарынан ЖЖМ санкциясыз құйылып алынған болса, ол да тіркеледі. Сонымен қатар машинаның қозғалу бағытын онлайн режимде көрсетіп отырады. Бұл әрекеттердің барлығы күнделікті монитор арқылы жүйе

операторымен бақыланады, әр көлік бөлек, Жеткізу қызметі мен Көлік бөлімі жетекшісіне күнделікті ақпар түрінде жеткізіледі. Бұл шаралардың бәрі Компания қызметкерлерін тәртіпке үйретіп, ТМҚ (тауардың материалдық құндылығы) нақты есеп жүргізуге ықпал етеді және Компанияға қатысты кез келген жауапсыздықтардың жолын кеседі. Зауыттарды, қондырғылар мен техниканы маусымға дайындау басқа жұмыстармен қатар жүреді. Бағдарламалық қамсыздандыру мен ақ ҚҚҚ өндірісін басқару жүйесі, Алматы қалалық филиалының ҚҚҚ желісінің құмын елеу жүйесін жетілдіру, және қаптардағы өнім салмағын азайтуға жол бермеу үшін механикалық қаптау машиналарын автоматтандыруға дейінгі жетілдіру жүзеге асады. ■

**Жылдың кез келген
мезгілінде, кез
келген ауа райында
өндіріс барлық
жобаларды және
жұмыстарды сауда
маусымына дейін
табысты аяқтауы
тиіс!**



УАҚЫТ - АҚША



Кейде барлығы өзінен өзі бола қалса ғой дейсің. Әсіресе уақыт болмай қалғанда немесе ерінген кезде. Жоғары технологиялар заманында уақытты үнемдеу сатып алу туралы шешім қабылдаудың басты факторына айналып келеді.

Үйге және бақшаға арналған тауарлардың электронды гипермаркеті DOMSAD – сіз жөндеу жүргізесіз бе, әлде үй іргесіндегі телімді сәндендіресіз бе, үйге аса қажет тауарлардың әлемі.

DOMSAD.kz интернет сауда бөлімінің жетекшісі ДАВРАНБЕК ТАШПАЕВ «Город Мастеровке» осы үлкен әлемді қалай басқаруға болатынын айтты.

ГОРОД МАСТЕРОВ: Давранбек, егер DOMSAD тек Интернет жүйесінде ғана емес, мысалы Алматыда болған болса. DOMSAD үйге және бақшаға арналған тауарлар гипермаркеті қандай болар еді?

ДАВРАНБЕК ТАШПАЕВ: Бұл бірнеше гектар жер аумақты алып жатқан, өте ыңғайлы және үлкен парковкасы мен сервисі бар өте үлкен дүкен болатын еді. Оның осыншама үлкен аумақты алып жатуы біздің Интернет жүйесінде сататын ассортиментке байланысты. Қазір domsad.kz сайтының көмегімен 8 000 астам тауар сатып алуға болады: гүл құмыраларынан бастап алауошаққа және шағын сәулет формаларына дейін. Бұл үйді немесе бақшаны абаттандыруға қажетті барлық заттар деген сөз.

ГОРОД МАСТЕРОВ: Әсерлі! Бірақ мұндай орасан таңдауда адасып кету оп-оңай.

ДАВРАНБЕК ТАШПАЕВ: Мүлдем олай емес, сайтта ыңғайлы навигация, бөлім айдарлары және тағы да басқа біздің пайдаланушыларымызға ыңғайлы болатындай санаулы уақытта өзіне қажеттіні табуға мүмкіндік бар: бұл құрылыс қоспасы немесе алауошақ болсын бірден табады. Кез келген интернет-дүкеннің негізгі идеясы- сатып алушының уақытын үнемдеу. Сізге ешқайда барудың қажеті жоқ, кептелісте тұрмайсыз, тауарларды іздеп қатарларды жағалап жүрмейсіз. Сізге тек үйде отырып немесе жолда келе жатып www.domsad.kz электронды мекенжайды теріп және таңдау жасау ғана қалады. 3 сағаттың ішінде жедел әкелінеді, сапалы кеңес беріледі, дерек бойынша төлем жасалады-өте ыңғайлы.

ГОРОД МАСТЕРОВ: ал интернет арқылы өнімге қалай төлем жасауға болады?

ДАВРАНБЕК ТАШПАЕВ: 6.02.15 жылдан бастап domsad.kz интернет-дүкені абсолютті жаңа платформаны жүзеге асырды, ол желіде сауда жасауға арналған барлық қызметті енгізген: бейімделме дизайн, сатып алушының жеке бөлімі, 1С базасының интеграциясы, тапсырысты рәсімдеудің ыңғайлы модулі. Жақында төлемнің кең тараған түрі- карточкамен төлем жасауға қосатын боламыз.

ГОРОД МАСТЕРОВ: Электронды гипермаркетке міне 2 жыл толды, қазірдің өзінде аз да болса, жеңістер мен жетістіктер жайлы айтуға болатын шығар

ДАВРАНБЕК ТАШПАЕВ: Сағат сайын сайтқа орташа есеппен 64 адам кіреді, ал бұл – минутына 1 адам деген сөз. Сайт жаңартылғаннан кейінгі алғашқы аптада 2000 жоғары адам кірді. Әлеуметтік желіде бізде 7000 бірегей оқырманымыз бар. Интернетті қолданушылар бізді тура сілтемеден тауып алады, domsad жазуынан іздеп табады, бұл дегеніміз, интернет-дүкенді жақсы көреді және біледі. Мақтануға тұратын жағдай, бірақ бұл әлі басы ғана. ■



SMM арқылы компанияның ПОЗИТИВТІ ИМИДЖІН

қалыптастыру

Біздің ұшы-қиырсыз ғаламшарымыздың маркетингтері, социологтардың көмегімен қарулана отырып, бірнеше жыл қатарынан адамды қалай сатып алуға «күштеуге» болатынын ойлап, бас қатырып келеді. Көп және жиі сатып алу.

Былай қарасаң, бәрі қарапайым сияқты – ешкім де сарафанды радиодан бас тартқан жоқ, ол қазіргі күнге дейін статистикалық есептердің басында келеді; бірақ қызықты деректің бірі ретінде екінші орынға әлеуметтік желілер орнықты.

3 миллиардтан астам адам бүгінде әлеуметтік желілердің белсенді қолданушылары, және күтпеген жерден SMM-менеджер мамандығы сұранысқа ие болды. Бірақ осы оқиғаның бір өзгешелігі бар: компания имиджі мен интернет-алаңдардағы ерікті байланыс – екі түрлі полюс, оларды тек нағыз кәсібилер ғана біріктіре алады.

Social media marketing, немесе SMM деген не? Бұл брендке немесе өнімге әлеуметтік платформа арқылы назар аудару процесі, әлеуметтік медиаларды компанияларды алға бастыру және басқа да бизнес-міндетті шешуде қолданудың кешенді шаралары.

Мен сіздерге сауатты SMM көмегімен Alinamarket үй мен бақшаны сәндеудің еден жамылғысы мен материалдары орталығының, сондай-ақ Domsad.kz интернет-гипермаркетінің 3 айдың ішінде біздің заманның ең әйгілі үш әлеуметтік желісінде біздің 7000 дербес жазылушыларды тартқаны жайлы айтып берейін.

Компания имиджі деген не және ол қалай қалыптасады?

SMM-шының басты міндеті болып: өзінің қадірлі клиенттері алдында компанияның позитивті имиджін қалыптастыру болып табылады. Ол адамның имиджі сияқты қалыптасады, а.а: стилі, әдеті, дәстүрі, нормалары – оның негізгі құрамы. Google сөзін естіген кезде сізге ең алдымен қандай ой келеді? Әрине, көңілді түсті сызбасы бар логотип пен іздеу жолы. Ал осы компанияның имиджімен жақын таныс адам көз алдына басқа нәрсені елестетеді: соңғы үлгідегі техникамен жарақтанған үлкен кеңселер, күннен күнге біздің өмірімізді жақсы жағынан өзгертіп жатқан дарынды адамдар.

Компания имиджі – бұл ең алдымен сонда жұмыс істейтін адамдар. Мықты команда кез келген сенді бұзады және әлемнің барлық маркетингтері қуып жүрген – тұтынушыда – өнімге деген махаббатты оятады. Күн сайын біз осындай «ғашық» клиенттер санын әлеуметтік желілер арқылы көбейтіп келеміз. Қалайша деп сұрайсыз? Бәрі де қарапайым-акциялар мен жеңілдіктер туралы айтатын стандартты посттардан басқа, әлеуметтік желілерде біз жайлы, сүйікті компаниядағы өмір, дәстүрлер, қызметкерлердің сүйікті ісі жайлы деректер бар. Бізде AlinaLife (#alinalife) деген

жаңа айдар пайда болды.

Статистика да таңдандырады! Ең әйгілі посттар – бұл біздің корпоративтік өміріміз жайлы фотосуреттер. Хэллоуин, жаңа жыл, біздің қызметкерлердің балаларына арналған сыйлықтар, боулингке бару және тағы басқалар.

Интернет-достар компанияның ішкі өміріне, оның дәстүрлеріне қызыға бастайды, және бірте-бірте «Алина» КТ мамандарының өз жұмысынан әсер алатынын, жақсы көретінін және бір-бірін бағалайтынын біліп, компанияның өнімін бағалай бастайды.

Психология көзімен қарағанда, бәрі қарапайым: сатып алуға барған адам тауарды алмайды, оның осы тауарды алу арқылы жеке бақытқа бөленуіне ие болады. Әйелдер көз сүрмесін сатып алмайды, олар көзқарасын әрлейді, көйлек емес-сымбат пен әсемдікті суреттейді; Еркектер көлік сатып алмайды, жаңа дәреже, ыңғайлылық пен уақытты үнемдеу кепілдемесіне ие болады. Сондықтан біз қандай да бір өнім көптеген адамдарға ләззат сыйлайтынын көргенде, оны міндетті түрде алғымыз келеді. Не істесеңіз де махаббатпен істемей, корпоративті өмірдің көңілді сәттерімен бөлісіңіз, сонда тұтынушы да сіздің позитивті көңіл-күйіңізді бойына сіңіре келеді! ■

Ольга Тукалова,
«Alinamarket» Дивизионының
Интернет-маркетологы

онда келіп, достарымен ғажап және керемет уақыт өткізе алады!

Жақында ғана біз «Лесная Сказка» аумағында ашық аспан астында кинотеатр аштық. Кинотеатр тегін, бізде демалып жатқан меймандарға фильмдерді көрсетеміз.



«Чашнагири» мейрамханасы-ның ассортименті мен ғажайып ас үйі қуантады, «Лесная Сказка» кофейнясы меймандарды жылы және үй-жағдайындағыдай қарсы алады, корпоративтік мерекелер мен шаралар үшін, сондай-ақ банкет немесе конференц-зал Азиядағы ең үлкен киіз үй – «Ақ Ауыл» мейрамханалық кешенінде жұмыс істейді.

Әрине, «Лесная Сказка» тек ересектерге ғана емес, балдырғандарға да ашық. Мысалы, бізде «Утуша» балалалар таушаңғы мектебі ашылған, онда балаларға жеңіл ойын түрінде шаңғы тебудің қыр-сырын үйретеді, мүмкін дәл осы жерден болашақ чемпиондар өсіп шығатын шығар. Ата-аналарды да біз естен шығарған жоқпыз. Егер меймандар балаларымен келетін болса және өздері де қыдырып, дем алғысы келсе, балаларын балдырғандар орталығына қалдырып кете алады, онда балалардың ішін пыстырмайтын қызықты және пайдалы нәрселерден шеберлік-сыныптары жүргізіледі.

2015 жыл тамаша және қуанышты басталды. Жаңа Жылды тойлағаннан бастап бәрі ойдағыдай болды. Біз асқан махаббатпен аумақты безендірдік, гала-кешкі асқа дайындалдық, меймандар өте көп болып, жүзпайыздық орналасу болды, әсерлі және қызықтырарлық үлкен мерекелік гала-кешкі асы Аяз ата мен Ақшақардың қатысуымен ұйымдастырылды, сыйлықтар

үлестіріліп, тіпті сырғанақ аумағында үлкен отпашу болды. Меймандар, тіпті біздің өзіміз риза болдық.

Әулие Валентин күні де әдемі тойланады. Біз әр түрлі қызықты және сүйкімді кішкентай бағдарламалар, тосын сыйлар дайындадық, мерекеге барлық отель жасанып, дайындалады. Біз тіпті ғашықтарға бағасы қолжетімді арнайы пакет-ұсыныстар дайындап, әрбір жан өзінің сүйіктісіне «Лесная Сказкаға» шақыру арқылы жүрекке жақын кәдесый ұсына алатындай жағдай туғыздық.

Әрине, Масленицаға дәстүрлі түрде дайындаламыз. Біздің меймандар үйреншікті, әрі сүйікті бұқаралық сауық-сайранға шығып, құймақ жеп, қарақшыны жандырып, оттың үстінен секіреді. Біздің аумақта өте көңілді ансамбльмен бірге, түрлі-түсті жәрменке болады.



Сондай-ақ биыл дәстүрлі отбасылық фестивальдарды міндетті түрде ұйымдастырамыз. Біздің «Сказка» үшін – бұл айтулы оқиға, біз отбастарын, достарымызды жинайтын боламыз, олар «Лесная Сказка» аумағында өздерінің ең жақын адамдарының ортасында уақыт өткізетін болады.

Мұнымен қатар ағаштардағы эко-ауылдар табиғи нәрсені бағалайтындарға арналған, мұны біз алдағы уақытта кеңейтіп, да-

бар. Адамға күш беретін мұндай нүктелер бізде әзірге бесеу, алдағы уақытта мұндай ғажайып орында оның саны бұдан да көп болады деп ойлаймын.



Біздің мұратымыз – адамның жанына жақын барлық нәрсені таба алатын курорт-отель жасауға барымызды салу. Мысалы, егер адам тағамға дәстүрлі талғаммен қарайтын болса, оған еуропалық кухня, егер ұлттық кухняны қажет етсе – оны қазақтың ас мәзірі күтіп тұр, егер вегетарианшыл болса, оған етсіз тағамдар ұсынылады, солай кете береді. Біздің аймаққа келген әр адам өзінің жанына жақынды табады.

Қазір дәл осындай ықыласпейіл өзін ақтап жатыр. Қаңтарда бізге күніне орташа есеппен 570 адам келді, жай күндері, әрине, аздау, ал демалыс күндері 2000ға дейін меймандар келді. Қаңтар айында бізге шамамен 10500 адам келді – бұл әзірге біздің жаңа рекордымыз, бірақ бәрі де алда!

Осы жерде біздің әріптестеріміз – Алиналықтарды ерекшелеп айтқым келеді. Біз барлық қызметкерлерге сілтеме жасап, жаңашылдықтармен бөлісіп, түрлі шаралар мен акцияларды таныстырамыз. Әрине, ең маңыздысы, Алиналықтар мынаны білуі тиіс: олар үшін біздегі баға 20% төмен, олар біздің «Ертегіде» тек



Қаңтарда бізге күніне орташа есеппен 570 адам келді, жай күндері, әрине, аздау, ал демалыс күндері 2000ға дейін меймандар келді. Қаңтар айында бізге шамамен 10500 адам келді – бұл әзірге біздің жаңа рекордымыз, бірақ бәрі де алда!

мытатын боламыз, жазда ұлттық құндылықтарға жақын жандарға арнап «Орман Ауылы» этно-отель ашамыз. Бұл киіз үйдің жабдықтары этникалық сәнмен жиналып, біздің ғасырлық тарихымызға терең бойлайтын тұңғыш отель болады. Жалпы «Лесная Сказка» аумағында адамдарға жан рахатын сездіретін, рухани-қуат сыйлатын орындар

білікті қызметкерлерді ғана тауып қоймай, әріптестерін, пікірлестерін және достарымен қауышады. ■



МАҒАН ӘДЕМІ ЖАСАҢЫЗШЫ

»... немесе ...«

ЖАҚСЫ ТТ= БЕЙНЕЛІ ТТ

«Тек бізде ғана бренд-менеджерлер бір нәрсені ойлайды, басқаша сөйлейді, дизайнерлер үшіншіні жасайды, содан кейін ештеңеге ұқсамайтын бірдеңе шықты деп ренжиді!»

Корпоративті-халық мақалы

Техникалық тапсырма деген не?

Техникалық тапсырма (тех-тапсырма, тт, бриф) — бұл дайын өнімге, дизайнға және т.б. тапсырыс беруші мен орындаушыға түсінікті, тапсырыс беруші мен орындаушымен бекітілген талаптарды талқылайтын (айрықшалау) техникалық құжат

Жақсы техникалық тапсырманың сапалық сипаттамалары:



**ТОЛЫҚ,
ҚИСЫНДЫЛЫҚ,
ДҰРЫСТЫҚ,
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ.**

Техникалық тапсырма ретінде сызу, схема, жарнамалық бриф, кулинарлық рецепт және т.б. Жаман ТТ құрастырылған ұшақ әуеге көтерілмейді, егер сіздің тортыңызда тұз көп болса, қонақтар енді қайтып сізге келмейді.

**Егер техтапсырма дизайнерге түсініксіз болса
– тапсырыс берушінің бұл туралы түсінігі
әлсіз болады.**

Техникалық тапсырманың негізгі блоктары

1. ТАПСЫРМАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ:

- »» «Шығарда»сіз нені алуыңыз керек? (парақша, этикетка, плакат, баннер және т.б.)
- »» Қандай шараға немесе оқиғаға қатысы бар? Дизайн қажет пе? (промо-акция, корп.шығу және т.б.)
- »» Бұл жарнамалық өнімді кім көреді? (клиент, тұтынушы, кең аудитория, қызметкерлер және т.б.)
- »» Дизайнға ең басты не болуы тиіс? (мәтіндік ақпарат, иллюстрациялар және т.б.)
- »» Жарнама өнімі дербес пе, әлде өнім желісінің бір бөлігі ме?

Цель разработки дизайна листовки - повысить продажи на 5%

НЕ ДИЗАЙНЕРСКАЯ ЦЕЛЬ!!!



стыдно!

**АЛИНАЛЫҚ,
ЕСТЕ САҚТА!**

».....«
**Маркетингтік мақсат
дизайнерлік
мақсат емес**

**ЖҰМЫСТЫ
БАСТАУ ҮШІН
ДИЗАЙНЕРГЕ НЕ
КЕРЕК?**



1. САУАТТЫ
ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН ТТ

2. АҚТЫҚ МӘТІНДІ
АҚПАРАТ
(қайта беттеу, түзету енгізу,
баспаға қайта дайындау дизайн-
ды құрды нольден бастағандай
уақыт алады!)

3. СӘЙКЕС МЕРЗІМ:

» Тапсырыс 3 күн қаралады ,
сондықтан тапсырысты 3 күн
бұрын беру керек

» Әр жұмыс түріне кем деген-
де 2 күн керек (тездеткенде – 2
күн – бағалық немесе шелфто-
кер, сәйкесінше, өнімнің жар-
намасы қанша көлемді болса
(мысалы, буклет), оның дизайн-
ның жасауға одан көп уақыт
жұмсалады)

» «ЕРТЕҢ» деген мерзіммен
жазылған ТТ неге дегенмен
негізделеді

» Дизайнер жұмысты «нашар»
ТТ жүргізсе –сіз өз кезегін
күтіп жүрген әріптестеріңізді
жарға жығасыз.

2. МАҚСАТ

ҚАТЕ МАҚСАТТЫҢ МЫСАЛДАРЫ:

Парақша дизайның әзірлеу мақсаты - сатуларды 5%-ға арттыру

ДҰРЫС МАҚСАТТЫҢ МЫСАЛДАРЫ:

1. Монтажды көпіршікте сапаның жақсарғандығы туралы
Тұтынушыға, Клиентке көрсету.

2. Клиентке, тұтынушыға, монтаждау көпіршігі портфелінде
өндірушісіне байланысты түрлі жұмыстарға арналған өнімнің барын
көрсету.

».....«

ДИЗАЙНЕРЛІК МАҚСАТ БОЛА АЛАТЫНЫ:

1. Назар аударту
2. Жаңашылдық туралы ақпараттандыру
3. Акция туралы ақпараттандыру
4. Өнімнің сапалық қасиеті туралы айту
5. Қолданыстағы дизайнға өзгертулер енгізу, және т.б

».....«

3. ГРАФИКАЛЫҚ КОНЦЕПТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

» Жарнамалық өнімнің өлшемі (А4, А5, 167x130 см., купораның
көлеміндей, осы өнімнің стандартты этикеткасының өлшемі ,
егер өлшемді салыстыратын ештеңе жоқ болса –оны сызғышпен
өлшеңіз және ТТ сантиметрмен көрсетіңіз)

» Ұсыныстар: тігінен/көлденеңінен орналастыру

Графикалық ақпарат (лого 15% алады, формат иллюстрация-
сы 60% , схемалары 35% және тт., немесе басым бағыттар: 1.
Түсіру иллюстрациясы; 2. лого мен слоган; 3. сипаттама және тт.

» Бұл неменеге ұқсау керек (жарнамалық қажетті өнім түрі
өнім бойынша полиграфия сызғышының бөлігі шығар: каталог-
флаер-парақша-купон және тт.)

» Дизайн қандай сезім тудыруы тиіс: сенімділік, сапа,
жайлылық, сипатына сәйкестік, архетип және тт. (клиенттің
ықыласы бойынша). ■

**ТТ дизайнның бәрін design@alina.kz мекенжайына
жіберіңіздер**

Даңқты брендке – ДАҢҚТЫ ҰЗАҚ ЖЫЛ!

Біздің даңқты НАШИ бренді үшін, жыл дәстүрлі түрде, өте қуанышты оқиғамен басталды. Біздің көңілді НАШИдың жігіттерінің жыл басында туған күні екені барлығының есінде шығар. Бұл қалжың емес, 2015 жылдың 9 ақпанында НАШИ брендіне 8 жыл толды!



ХРУЩЕВА

РИШИ!

волшебный
город
гель!

НАШИ осы жылдар аралығында қандай жетістікке жетті, өткен 2014 жыл қандай оқиғалармен есте қалды, және биылғы жылға жоспарлары қандай екенін бренд Директоры Елена Карикова әңгімелейді: – Алдымен қуанышты оқиға жайлы айтайық. Брендтің туған күнін біз тар шеңберде емес, кең, ауқымды жағдайда атап өттік. Құрылыстарда, плакаттармен, сыйлықтармен және құттықтаулармен қарсы алдық, құрылысшыларға қалпақтар беріп, баннерлер жасадық. Жалпы, өзімізше тамаша атап өттік. Брендте жаңа әнұран пайда болды, әнұранның сөзі мен музыкасы – біздің ұжымның өз шығармасы. Енді біздің НАШИ брендінің туы бар, ол джинсыдан құралып жасалған, оған тілек білдірген барлық Алиналықтар қатысты. Біз бұған үн қосқан әріптестеріміздің саны көп болғанына қуандық. Біз НАШИ – барлық жерде бар деп сеніммен айта аламыз! Сондай-ақ брендтің туған күніне ПВХ-дан «8» санын жасап, осы 8 жыл ішінде НАШИмен байланысты түрлі оқиғаларда түскен фотосуреттерді жапсырдық. Мені осы мерекеге брендтелген ЗИЛ-мен біздіңше алып келді! Тағы бір есте қалған айтулы оқиға – НАШИ брендіне жаңа спорт түрі – армреслинг пайда болды. 2014 жылы осы спорт түріне арналған шара Alinamarket дүкенінде өтті. Өткен жылы да, биыл да біздің өнімдерді белсенді өткізетін боламыз, әсіресе, ПШУБКА сәндік сылағы мен КАМЕНЩИК қалақ желіміне баса мән беретін боламыз. Оларды нарықта әзірше жақсы білмейді, сондықтан олар клиенттердің сүйіктісіне айналып, біздің құрғақ қоспалар олардың есінде қалатындай жұмыс істейміз.

Жалпы стратегияға келетін болсақ, биыл нарықтағы үлесті 4% көбейтуді жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ брендті одан да әсерлі ету бағытына назар аудармақпыз. Біздің бренд, нарықта көп жылдан бері белгілі және лайықты бағасын алған, қазір орташа баға сегментінен өтті. Енді клиенттер дәлелінің, НАШИ тұтынушылар мен пайдаланушылар пайдасының негізіне аса жоғары баға ғана емес, сонымен қатар төмен баға да емес, НАШИға деген сенім мен түсіністік жатады. Бренд тек үнемді ғана емес, ыңсапты бағаға дұрыс шешім шығаруға әкеледі. Дәл осы брендті әсерлі қабылдаудың негізіне нарықтағы даму жатады. Әрине біз сауда компаниясымен тығыз ынтымақтастыққа баса мән беретін боламыз, біздің әріптестеріміз алдыңғы қатарда оқытылады, біздің команда бәсекелестер алдындағы біздің өнімнің артықшылығын білетін болуы тиіс және НАШИ ді барлық жерде және әрқашан таныстыра алатындай болады. Түрлі вирустық роликтердің көп түрі жасалуда, ары қарай да жасалады. Интернет арқылы кең танымал және атақты болған Биші Айдоспен толық вирус эстафетасын құру жолында жұмыс жүріп жатыр.

Ұлан мен Иван атты егіздер байқауын ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз, олардың көмегімен біздің өнімді визуалды етеміз. Мұндай шара ұзақ уақыт есте қалады! Бюджеті төмен шаралар, SMS жіберу, және біздің көңілді және жылы шырайлы брендке тән қызықты «фиш-калар» көп болады. Клиенттерге арналған акциялар да болады, туған күндерге сыйлықтар және т.т. Біздің жаңа әнұран базарларда міндетті түрде орындалатын болады. ■



1 КУПЛЕТ

Славим силу и руки строителей!
У кого в жилах кровь победителей!
Стройплощадок и строек правителей!
Всех рабочих парней!

Строим мир мы, как Крепость надежную!
Мир Уюта, Комфорта. Все сможем мы!
Строим честно с душой, как положено!
Только крепче и быстрее!

Эй, товарищ, улыбнись!
Мы построим новую жизнь!
Славим труд, как наши отцы!
Смеси НАШИ ЖАКСЫ!

ПРИПЕВ:

НАШИ! На стройке и в домах!
НАШИ! В красивых городах!
НАШИ! Плечом к плечу идут!
НАШИ! Мы тут!

2 КУПЛЕТ

Если веришь в мечту все получится!
Дом построится, дети научатся!
И конечно, все лучшее сбудется
НАШИ – лучший ответ!
Дом, работа, друзья и старание
Смеси НАШИ нам пишут послание
На века строим мы и заранее
Говорим КОП РАХМЕТ!

Эй, жолдас! Улыбнись!
Мы построим новую жизнь!
Славим труд, как наши отцы!
Смеси НАШИ ЖАКСЫ!

Смеси НАШИ с тобой!

ГИМН

Бренда сухих строительных смесей НАШИ:



Прослушать гимн вы можете на сайте бренда НАШИ: www.nashi-sss.kz

Корпоративная газета
Группы компаний «Alina»
«Город мастеров»

Периодичность: 1 раз в 3 месяца
Собственник: ТОО «Alina holding»,
Генеральный директор Николай Бударгин.
Редакционная коллегия: Майя Леонова,
Александр Филипкин, Гаухар Қунакбаева,
Артем Тихонов, Мила Вялая, Александра Волочай
Редактор: Виорика Бектурганова
Арт-директор: Андрей Шапкин

Дизайн и верстка: Элла Бычек
Консультант по юридическим вопросам:
Светлана Пан

Консультант по безопасности: Александр Филипкин
Адрес редакции: г. Алматы, 050050, ул. Казыбаева, 20.
Тел.: +7 (727) 233 65 98, 279 13 26.

Газета зарегистрирована в Министерстве
культуры, информации и спорта
Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство
I 8249-Г от 18 апреля 2007 г.
Тираж: 1000 экз.